

«Кәусар»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Баяндама

**«Балалардың психологиялық саулығы –
балабақшаның басты міндеті»**

Орындаған: Б.Х.Тулебергенова

2021-2022оқу жылы



Мақсаты: тәрбиешілердің педагогикалық-психологиялық тәжірибелерің көтеру. Тың идеялармен шығармашылық инновациялық жаңашылдыққа бейімдеу, тәрбиешілердің көңіл-күйлерін көтеру. Балалардың психологиялық денсаулығын арттыруға және сақтауға ұстанымдарын қалыптастыру.

Қатысушылар: *Директор, әдіскер, тәрбиешілер.*

Саламатсыздарма құрметті әріптестер.. Біз қазіргі ХХІ ғ. Заман талабына сай, жаңашыл, шығармашыл, мейірімді шебер маман болуымыз қажет. Бүгінгі баяндама кәсіби шеберлігіміздің артуына, балалармен қызыға жұмыс жасауымызға зор ықпалын тигізеді деп сенім артамын. Алдымен шаттық шеңберінде тұрып амандасып алайық. Бір-бірлеп әр тілде немесе қимыл қозғалыспен амандасады.

Бүгінгі тренингтің басты тақырыбы: «Балалардың психологиялық саулығы, балабақша жұмысының басты міндеті» - деп аталады.

Психологиялық дені сау тұлға дегеніміз – ол шығармашыл, өмірге құштар, ашық, көңілді, өзін және қоршаған орасын тани билетін, түсіне білетін, өзгенің сезімін бөлісе білетін, жауапкершілікті ала-алатын, өмірді мағыналы жасай білетін тұлға. Ол үнемі даму үстінде болады, оны дамытатын отбасы және балабақшаның міндеті.

Психологиялық денсаулықтың деңгейлері: **креативті, адаптивті, дезадаптивті** болып үшке бөлінеді.

Креативті (жоғары) ортаға жеңіл бейімделетін, стресстік күйлерден өтуге күші жететін, шынайылыққа шығармашылықпен келетін бала. Мұндай бала психологиялық көмекті қажет етпейді.

Адаптивті (орташа) көпшілік ортаға бейімделе алатын, бірақ мазасыздығы басым балалар.

Дезадаптивті (төмен) ортаға өздерінің жағымсыз қылықтарымен бағындыруға тырысатын балалар. Мұндай балдар үнемі жеке жұмысты қажет етеді.

Психологиялық денсаулықты сақтаудың және қалыптастырудың шарты:

1. Психологиялық жайлылық – бұл сыртқы және ішкі ортаның жағдайы.

Яғни сыртқы дегеніміз - қоршаған ортасы, ал ішкі орта – балабақшамен отбасы.

Психологиялық жағдайды қалыптастыру үшін, ойындар мен жаттығулар, жағымды әуен, сурет салу, қуыршақ театры, ертегі әңгімелер, табиғаттағы серуендер, тыныс алу және түрлі гимнастикалар зор әсерін тигізеді.

Балаларда психологиялық жайлылықтың болмауының әсері қорқынышқа, мазасыздыққа, мінез-құлқының бұзылуына, агрессияға ұшыратады.

Психологиялық соққы алған бала физиологиялық тұрғыдан да ауырады.

Балалық шақта алған психологиялық жарақаттар, ересек кезде де көрініс алады.

Мысалы: қашқақтау, тұйықтану, жағымсыз мінез-құлықтар көрсеті, үйден қашу, ұрып-соғу т.б.

Психологиялық жайлылық бұл отбасында, отбасы мүшелерімен, балабақшада тәрбиешімен арасындағы жылу сақталған жағдайда, бір-біріне



деген жауапкершілікті сауатты жүргізген кезде орнайды.

I. Презентация.

1. Неліктен баланың психологиясы бұзылады деп ойлайсыздар?
2. Психологиялық дені сау бала тәрбиелеу үшін қандай болуымыз қажет. (тәрбиешілер 2топқа бөлініп алдарындағы ватмандарға жауап жазады, жауаптарын қорғайды)

Педагог-психолог: Психологиялық дені сау бала тәрбиелеуде көп нәрсе қажет махаббат, жылу, талап қоя білу, жауапкершілік, төзімділік, сабырлық, бірақ бәрі бір деңгейде болуы шарт.

II. Ассоциация әдісі бойынша тақырыпқа кіру. «ЖАЙЛЫЛЫҚ»

Тыныштық сәті арқылы көздерін жұмып, өздерін жайлы сезініп музыка ырғағымен бір сәт ойланады.

Педагог-психолог. Ендеше көзімізді ашып алдарымыздағы ақ қағазға жайлылық ағашын бейнелейміз. Сол жайлылық ағашының бұтақтарына жайлылық сөзін естігенде ойымызға келетін сөздерді жазамыз. Оны қорғау керек.

Психологиялық жайлылық дегеніміз – баланың ортада еш алаңсыз, еркін өмір сүруі.

III. Ой-толғау «Бәрі өз қолыңда»

Ертеде бір ақылгөй өмір сүреді. Оның білмейтін нәрсесі болмайды. Оны бір адам сынағысы келіп, бір көбелекті жұдырығына қысып алып келіп сұрақ қояды. – «Өліме, әлде тіріме?» Ал өзі егер тірі десе қысып өлтіре қоямын, ал өлі десе босата қоямын деп.

- Ал сіз қалай ойлайсыз? (Тәрбиешілердің жауабын тыңдау)

Ал ақылгөй: - «**Барлығы өз қолыңда**» деп жауап береді.

Педагог-психолог: Балалардың балабақшада өзін еркін, жайлы өз үйіндей сезінуі бәрі тәрбиешілердің және біздің қолымызда.

Педагог-психолог.

Осындай тренинг арқылы баланың бойындағы шаршағандықты, қорқынышты, сенімсіздікті барлық жағымсыз әрекеттерді шығаруға болады. Оның бойындағы барлық қуаты, уақыты жоғарыдағыдай әрекеттерге емес, ойынға, қызықты сәттерге бөленеді.

Құрметті тәрбиешілер, балаға жағымды жайлылықты үздіксіз жасап жүрейік. Үнемі өз-өзін бақылап, ізденіс үстіндегі жоғары деңгейдегі тәрбиеші ғана балаға жайлылықты бере алады.



**"Балалардың
психологиялық
саулығы-балабақшаның
басты міндеті"**

